



КӨКТЕМ

**МЕЗГІЛІНІҢ СЕРУЕН
КАРТОТЕКАСЫ**

№1 Маусымдық өзгерістерді бақылау

Мақсаты: Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру; айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету; табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу.

Бақылау барысы

Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар.

Жауған қарымен,
... құнар береді. (қыс)
Үлкендер қарбалас,
... дән себеді. (көктемде)
Бақ пенен бақшаны,
... баптап өсіреді. (жазда)
Дихандар жемісін,
... жинап береді. (күзде)

Тәрбиеші сұрақтары:

Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған? Қазір жылдың қай мезгілі? Көктемнің алдында қай мезгіл болды? Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады?

Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады?

Зерттеу жұмысы: Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады)

Еңбек Гүл егетін жерді тазалау.

Мақсаты: Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу.

Қимылды ойын: «Кім жылдам?».

Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру жылдамдықтарын дамыту.



№2 Қайың ағашын бақылау

Мақсаты: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.

Бақылау барысы

Көркем сөз «Жас шыбық» А. Меңдібай

Көшетін әкеп қайыңның,

Отырғыздым аулаға.

Жіп-жіңішке жас шыбық,

Өспейді деп ойлама.

Жас шыбық өсіп толады,

Әсем қайың болады,

Суғарып, күтіп, баптасам.

Қайың көп ағаштардың ішіндегі сұлу ағаштардың бірі. Оның аппақ діңі жұқа қабықпен қапталған. Қайың қыс шыққан бойда бұр жарып шыға келеді. Оны сүйіспеншілікпен «ақ қайың» деп атаған. Қайыңның жұмсақ қабығынан жеңіл шабата (аяқ киім), жолаушы жүргенде киімдері мен тамағын салатын себеттер тоқыған.



- Ағаштар жылдың қай мезгілінде көктейді?
- Әуелі ағаш бұтақтарында не пайда болады?
- Қазір аулаға ағаш көшетін отырғызуға бола ма?
- Ағаштар жақсы өсуі үшін біз оларға не істеуіміз керек?

Зерттеу жұмысы Қайың ағашы мен басқа ағаштарды салыстыру: оларды қандай айырмашылықтары арқылы ажыратуға болады?

Еңбек Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу

Мақсаты: өз еріктерімен топқа бөлінуге, өз еріктерімен еңбек етуге баулу.

Қимылды ойын: «Орамал тастамақ»

Мақсаты: - ойын шартын түсініп ойнауға, аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу.

Жаттығу ойыны Затты нысанаға лақтыру.

Мақсаты: қол күштерін, көз мөлшерін дамыту.

№3 Бұршақты бақылау

Мақсаты:

- «Бұршақ» түсінігімен таныстыру;
- Табиғатта неге бұршақ жауатыны туралы түсінік беру;
- есте сақтаулары мен зейіндерін белсендіру.

Бақылау барысы

Көркем сөз «Бұршақ жауғанда» А. Меңдібай

Аспанды бұлт торлап,
Күн кенет бұзылды.

Жел тұрып, сап-салқын,

Жауын исі сезілді.

Айнала тарсылдап,

Ақ моншақ төгілді.

Жер беті ағарып,

Мұз болып көрінді.

Моншақты ұстап ап,

Көргім кеп барады-

Қолымда көп моншақ ,

Су болып ағады.



Тәрбиеші әңгімесі: күннің шуағы молайып, жер қызған кезде су буланып ыстық ауамен жоғары көтеріледі.

Жерден жоғары кеңістік үнемі салқын, сондықтан да су тамшылары мұзға айналады.

Жауын жауған уақытта кейбір мұздың ірі түйіршіктері еріп үлгермейді де, жерге мұз күйінше құлайды. Табиғаттың бұл құбылысы

«бұршақ» деп аталады. Бұршақ көбіне жаңбырмен араласып жауады. Жерге түскен бұршақтар жылы ауамен тез еріп кетеді. Көлеңке, салқын жерде ұзақтау жатады.

Зерттеу жұмысы

Мұз түйіршіктерінің қай жерде тез еритінін анықтау: ашық жерде ме, әлде бұта түбінде, үйдің көлеңке бетінде ме?

Еңбек Аула қараушыға кескен бұталарды ауладан жинап алуға көмектесу.

Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға, еңбек нәтижесіне қуануға үйрету.

Қимылды ойын: «Ақ серек-көк серек».

Мақсаты: ойын шартын сақтап ойнауға, құрбыластарын тыңдай білуге, олармен санасуға баулу.

№4 Итті бақылау

Мақсаты: жануарлардың көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру; жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей білуге үйрету, өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін дамыту.

Бақылау барысы

Көркем сөз «КҮШІГІМ» А. Меңдібай

Кіп-кішкентай күшігім,

Сүйкімдісін өзінің.

Еркелейді ойнақтап,

Жылтырын-ай көзінің.

Оратылып аяққа,

Бір сәт тыным таппайды.

Кел, достарым, жасқанба,

Күшігім менің қаппайды

Тәрбиеші сұрақтары.

- ◆ Бұл күшік сендерге ұнай ма?
- ◆ Күшікке қандай ат лайық деп ойлайсыңдар?
- ◆ Күшіктің көңіл-күйі қандай?
- ◆ Не себепті көңіл-күйі көтеріңкі деп ойлайсыңдар?

- ◆ Сендерше күшіктер көбіне немен айналысқанды жақсы көреді?

Үйде асырауға алған иттер өз иесін өте жақсы көреді. Ол онымен үнемі бірге болады, иесі үшін қандай да бір қиыншылыққа төтеп береді. Ол өз иесін ешуақытта сатпайды. Ит - адамның сенімді досы. Бірақ, біздер де оны күту, дұрыс тамақтандыру керек екенін ұмытпауымыз керек. Яғни біз өз күшігімізді немесе мысығымызды, өзімізге тиесілі қандай да бір жануарымыз болса оған қамқор болуымыз керек екенін естен шығармағанымыз, оларды сүйе білгеніміз жөн.

Еңбек: Жер қазу жұмыстарына қатысу.

Мақсаты: ұжыммен жұмыс істей білулерін тиянақтау;

- еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауға деген құлшыныстарын арттыру.

Қимылды ойын: «Қасқыр қақпан».

Мақсаты: белгі бойынша әрекет етуге баулу; — жылдамдық, байқампаздық дағдыларын дамыту.

№5 Бұлтты бақылау

Мақсаты: әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру

Бақылау барысы

Көркем сөз «Бұлт» Ә. Ақыпбекұлы

Бұлттың қайда тұрағы,

Біле алмадым мұны әлі.

Білерім көк аспанның

Бұлт көшпелі бұлағы.

Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.

◆ Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар?

◆ Бүгінгі бұлттар қандай?

◆ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма?

◆ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады?

Еңбек

Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу
Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету.

Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.

Қимылды ойын «Үйсіз қоян».

Мақсаты:

— бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету;

— жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Жеке жұмыс

Жаңылтпаш айту:

«Ала бұлт ақ па,

Ақ бұлт ақ па?

Ала бұлт ақ емес,

Ақ бұлт ақ»

«Анау арал қай арал,

Қайыңды арал, талды арал»

Жұмбақ:

Етек-жеңі жиналмай,

Дауыл тұрса дым қалмай,

Түйдектеліп көшеді,

Тоз-тоз болып өшеді. (бұлт)



№6 Қарды бақылау

Мақсаты:

— Табиғаттағы маусымдық өзгерістерге бақылауды жүргізуге үйрету

— Өлі табиғаттағы (күн — қар) болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау

Бақылау барысы

Көркем сөз «Бұл қай кезде болады»

Ш. Ахметов

Ақ қар еріп,

Су көбейіп,

Сай-салаға ағады.

Бүршік шашып,

Жапырақ ашап,

Гүл, бәйшешек басады.

Бөбектерім, айтыңдаршы,

Бұл қай кезде болады?

Балаларға сұрақтар

- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?
- Аулада қар еріп жатқан жер байқала ма?



Неге бұл жердің қары еріп жатыр?
Халық болжамдары бар: қар ұлпалары іріленсе — күннің жылынуын күт; қараторғай келсе көктемді қарсы ал. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды. Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана бастайды. Аяққа басқан қар тапталып, кешкі аязбен қатқақ пайда болады. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің жылуы молайып, жердегі қар еріп, суға айналады.

Зерттеу жұмыстары

Күн астындағы және көлеңкеде жатқан қардың тереңдігін өлшеу. Күннің көзі көп түсетін жердегі қар неге аласа, көлеңкедегі қар неге биік?

Еңбек Жолдарды қоқыстан тазалау.

Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуді үйрету.

Қимылды ойын «Қояндар мен аңшылар».

Мақсаты: қуушыдан қашып құтылуларын, тез жүкіре білулерін дамыту.

№7 Шырша ағашын бақылау

Мақсаты:

- Қаламызда өсетін ағаштармен таныстыруды жалғастыру;
- Шырша ағашын басқа ағаштармен салыстыру;
- Ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.

Бақылау барысы

Көркем сөз «Жасыл шырша» К. Әзірбаев

Қанша заман өткенімен,
Ескірмейтін асыл шырша.
Алатаудың көктемімен,
Доссың ғой сен, жасыл шырша.
Өзгермейсің қыс келсе де,
Бояыңды оңдырмайсың.
Аяз шымшып, тістесе де,
Жапырағыңды тоңдырмайсың.

Балаларға сұрақтар:

- Шырша ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы неде?
- Балалар шырша ағашын неге жақсы көреді?

Тәрбиеші әңгімесі: Шырша ағашы адамға өте

ұнамды, қуаныш сыйлайтын ағаш. Шыршаны ойыншықтармен безендіріп, жаңа жылды қарсы аламыз. Өкінішке орай, біздің осындай қиянаттарымыздан шырша орманы сиреп барады. Қазір шыршаны кесіп, бүлдірмес үшін, жасанды шыршалар шығарылды. Қаламызда шырша ағаштары отырғызылып, қала көшелеріне сән беруде. Шыршаны тек қана адамдар емес, жан-жануарлар мен құстар да жақсы көреді. Қалың шырша орманында аюлар апанын, тиіндер індерін, құстар ұяларын салады. **Зерттеу жұмысы:** шырша ағашын маңайдағы басқа ағаштармен салыстыру, ерекшеліктерін атау. **Еңбек:** шырша ағашының айналасын тазалау. **Мақсаты:** ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыру.

Қимылды ойын: Доппен ойын.

Мақсаты: Қозғалыс координацияларын дамыту..

Мақал-мәтел:

- Орман ел дәулеті, жер сәулеті.
Аяламасаң ағаш та, аспандап өспес.



№8 Су тамшыларын бақылау

Мақсаты:

- температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау;
- зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру.

Бақылау барысы

Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Меңдібай

Күн сәулесін төкті кеп,
Қар да ери бастады.
Шатырынан әр үйдің,
Төмен қарап салбырап,
Мұз сүңгілер аспалы,
Пайда бола бастады.

Тырс - тырс тамып тамшылар,
Тынымсыз жерге тамады.

Қардың суы еріген,
Сай қуалай ағады.
Балаларға сұрақтар

- ◆ Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады
- көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме?
(күн бетте)

- ◆ Неге? (күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады)

- ◆ Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? (қысқарады, аяз бен желден олар сынады)

◆ Шуақты күні ше? (өседі)

- ◆ Қай беттегі сүңгілер тез ериді?
(күн беттегі, себебі күн мұзды қыздырады да, ол суға айналады)

Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған.

Еңбек Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу.

Қимылды ойын «Аяғыңды сулама»

Мақсаты: Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүкіре білу дағдыларын бекіту.

Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту

Мақсаты: қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту. **Халық болжамы:** Мұз сүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады.



№9 Күнді бақылау

Мақсаты: күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.

Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:

Үлкен алтын табақтан,
Әлемге нұр таратқан. (күн)

Алауға оранып,
Көкке өрлеп шығады.
Бір айналып оралып,
Көкжиекке бұғады. (күн)

Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады.

- Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады?
- Күн қай жақтан шығады?
- Қай жаққа батады?
- Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма?
 - Неге?

Зерттеу қызметі

Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме?

Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (қоңыр түсті әйнекпен)

Еңбек Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу..

Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.

Қимылды ойын «Күн мен түн».

Мақсаты: күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу.

Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру. **Мақсаты:** секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.

Мақал-мәтел: Сәуір болса күн күркірер,
Күн күркіресе, көк дүркірер.

Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын.



№10 Қардың еруін бақылау

Мақсаты: табиғаттағы өзара байланысты көре білуге үйрету.

Бақылау барысы

Көркем сөз «Көктем келді» Б.Қозыкеев

Қар су болып жөнелді,
Қалды дала жалаңаш.
Күн нұрына кенелді,
Бүршік атып бар ағаш.
Келіп көктем құстары,
Бау бақшада ән салды.
Оларды жас достары,
Ұя жасап қарсы алды.

Көктемде таңертең қар бетінде мұз қақтары пайда болатыны туралы айту. Бұның себебі күн көзінің шуағынан қардың үстіңгі беті ериді де, түнгі аяздан мұз болып қатады.

Бұны мұзқатқақ деп атайды.

Зерттеу қызметі

Көлеңке беттегі қар үйінділері мен еріген қарды және сайдағы суды қарау. Көлеңкедегі қатқан қармен, күн беттегі қарқатқақты салыстыру.

Еңбек

Тәрбиешімен бірге ауладағы сынған ағаш бұталарын шығару.

Мақсаты: тек қана сынған бұталарды жинауға, аулада тазалық сақтауға үйрету.

Қимылды ойын «Ормандағы аюда».

Мақсаты: белгі бойынша жүкіру, қуып жету, ойын ережесін сақтау.

Жаттығу ойыны: Қозғалыстарын дамыту.

Мақсаты:

- Допты оң және сол қолмен лақтыра білулерін тиянақтау;
- Ептіліктерін қалыптастыру;
- Қозғалыс координациясын жақсарту.

Халық болжамы: Қарлығаш келсе күн күркірейді.

Құстар ұясын күн жаққа қарай салса, жаз салқын болады.

Мақал: Қыстың қамын жаз ойла.

№11 Ұшып келген құстарды бақылау

Мақсаты: көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.

Бақылау барысы Көркем сөз «Ұя» Қ.Баянбаев

Ұя жасап тақтайдан,
Талға апарып байладым.
Жыл құсының шаттанған,
Күттім қашан сайрауын.

Сол ұяны талдағы,
Қараторғай мекендеп,
Күні бойы сайрады,
Жылы пәтер екен деп.

Балаларға сұрақтар:

- Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер?
- Жыл құстары деп неге айтамыз?
- Құстар неге жылы жаққа ұшып кетеді?
- Құстар туған жеріне қай уақытта ұшып келеді?
- Ауламызға ұшып келген құстарға қандай қамқорлық жасау керек деп ойлайсыңдар?



Дидактикалық тапсырма: Құстарды топқа бөл.

Мақсаты: құстар суреттерін қыстап қалатын құстар және жыл құстары тобына бөліп, ұяларға орналастыру.

Еңбек: Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау.

Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құпшыныстарын арттыру.

Қимылды ойын: «Ұшты ұшты».

Мақсаты: зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету.

Жеке жұмыс

Жаңылтпаштар жаттау:

Үйір, үйір үйректі,	Қаз маңғаз,
Үйірге кім үйретті?	Маңғаз қаз.
Үйір, үйір үйректі,	Әр кез маңғаз,
Үйірге өзім үйреттім.	Қаз маңғаз.

Мақсаты: сөздік қорларын байыту.

Тыйым сөздер: Құс ұясын бұзба.

Құсқа тас атпа.

Құс жұмыртқасын сындырма.

№12 Мойыл бүтасын бақылау

Мақсаты:

— Бұталар туралы білімдерін молайту;
Бақылай, зерттей білу қабылеттерін дамыту;
Табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу.

Бақылау барысы Мойыл әрі дәрілік, әрі сәндік өсімдік. Мойыл гүлдеген кезде әдемілігімен көздің жауын алып, хош иісі мұрыныңды жарады. Мойыл мамыр, маусым айларында гүлдейді, ал, жемісі тамыз, қыркүйек айларында піседі. Қоңыр күзде мойылдың жемістері өте дәмді болады. Жаңа піскен жидектерінен қант қосып тәтті сусындар мен кисельдер жасайды. Сол сияқты мойыл жидектерінің емдік қасиеті де өте жоғары. Одан жасалған дәрілермен іш ауруларын, көз ауруларын, безгек ауруларын емдейді. Сондықтан да мойылды кеспей, сындырмай сақтаған жөн. Мойыл гүлдері өте әдемі болғанмен, оның гүл шоғын көп етіп алсаңыз басыңыз ауырады, егер өте қызықсаңыз, бүтасын сындырмай ғана, екі-үш гүлін пышақпен кесіп алып, суға салып қойсаңыз, сол да жеткілікті болады.

Мойылды өзіңіз де сындырмаңыз, өзгеге де жол бермеңіз.

◆ Мойыл ағашы қай уақытта гүлдейді?

◆ Мойылдың жемістері қай уақытта піседі?

◆ Мойыл жидектерінен не жасайды?
◆ Мойылдың басқа қандай қасиеті бар?

◆ Бұл ағашты не үшін сақтауымыз керек?

Еңбек Үлкендерге ағаш отырғызуға көмектесу. **Мақсаты:** ағаш отырғызу және оны өсіруге деген ынталарын ояту, табиғатты көркейтуге тәрбиелеу.

Қимылды ойын «Біздің аулада не өседі?».

Мақсаты: ағаштар аттарын есте сақтауларын тиянақтау, аталған жерге тез жетуге, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға баулу. **Мақал-мәтел:**

- Бір тал кессең, он тал ек.

- Бір ағаштан жасалады мың шырпы,
Мың ағашты өртеп кетер бір шырпы.

№13 Тастарды бақылау

Мақсаты: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.

Бақылау барысы

Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу.

Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп.

Сұрақтар:

- Тастардың қандай түрлерін білесіңдер?
- Асыл тастарды не үшін пайдаланады?
- Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады?
- Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді.

- Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма?

Зерттеу жұмысы

Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау.

Еңбек

Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау.

Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу.

Қимылды ойын.

«Бәйге».

Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру.
Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту



№14 Бұлттарды бақылау

Мақсаты: өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру.

Бақылау барысы.

Көркем сөз. «Бұлт» Ө. Ақыпбекұлы

Бұлттың қайда тұрағы?

Біле алмадым мұны әлі.

Білерім көк аспанның,

Бұлт-көшпелі бұлағы.

Тәрбиеші сұрақтары.

◆ Бұлт дегеніміз не?

◆ Бұлттардың түсі қандай болады?

◆ Бұлттар неден тұрады? (сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.)

◆ бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? (түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар)

◆ Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады)

◆ Шарбы бұлттар неге ұқсады? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады)

◆ Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар)

◆ Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар)

◆ Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады)

Зерттеу жұмысы

Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау.

Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу.

Еңбек

Алаңды егу жұмыстарына дайындау; қоқыстарды жинау, сыпыру.

Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру..

Қимылды ойын «Қасқыр қақпан».

Мақсаты: ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа баулу.

Жеке жұмыс Математикалық жаттығулар.

Мақсаты: тақ және жұп сандарды санай білу дағдыларын жетілдіру.

Халық болжамы. Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.

№15 Желді бақылау

Мақсаты: - жел туралы түсініктерін бекіту;
- жел түрлерін есте сақтау

Бақылау барысы

Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:

Ағаштарды шайқайды,

Көзге көрінбейді.

Шарлағанда сай-сайды,

Бір сәт ерінбейді. (жел)



Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды:

◆ Желдің қандай түрлері болады?

◆ Жел неге соғады?

Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және

синоптиктер деп атайды.

◆ Барынша қатты желдердің атын ата? (дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)

◆ Әлсіз желді қалай атайды? («самал жел» деп атайды)

◆ Желдің ізін көруге болады ма?

Зерттеу жұмысы

Компас арқылы желдің бағытын анықтау.

Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау.

Еңбек Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау

Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.

Қимылды ойын «Кім жылдам?».

Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.

Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.

Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.

Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.

№16 Сутоғанды бақылау

Мақсаты: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.

Бақылау барысы

Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді.

Зерттеу жұмысы. Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау

Еңбек

Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау.

Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу.

Қимылды ойын «Қасқыр қақпан»

Мақсаты:

- белгі бойынша әрекет етуге үйрету;
- ойын шартын сақтап ойнауға баулу;

Жаттығу ойыны

Ұзындыққа секіру.

Мақсаты: ұзындыққа секіруге жаттықтыру.

№17 Топырақты бақылау

Мақсаты: торф топырағының қыртысымен таныстыру .

Бақылау барысы

Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен) жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады..

Зерттеу жұмысы

Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру.

Құммен торфты салыстыру;

Жер қыртысы қай жерде тез кебеді.

Еңбек

Ағаш түптері мен атызға торф тасу.
Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.

Қимылды ойын «Аққу-қаздар».

Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау.

Жаттығу ойыны

Секіргіш жіппен жаттығу ойындары.
Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.

Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай.
Қара жерге де, қамқорлық керек.

№18 Бақбақ гүлін бақылау

Мақсаты: бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару);

- табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру;
- емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау.

Бақылау барысы Көркем сөз.

Аппақ, аппақ бақбақтар,
Үлбіреген бақбақтар,
Құдды киіз ақ үйлер.
Парашюттен аумайды.
Төнеді кеп жан-жақтан,
Сәл-пәл самал жел соқса
Тамашалап сәбилер.
Ақ ұлпалар заулайды.

Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы. Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар көбінесе үлкен жүргінші жол бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңая бастаған жерлерде өседі. Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі қабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін

гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа ұлпілдек «парашюттерге» ай-налады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт сымаққа бай. Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын түсіруге, қатты ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады. Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек.

Балаларға сұрақтар.

- ◆ Бақбақ гүлінің түрі қандай??
 - ◆ Ол жылдың қай мезгілінде әдемі болып көрінеді?
 - ◆ Бақбақтың қандай лақап аттары бар?
 - ◆ Бақбақты неге дәрілік өсімдік дейміз?
- Зерттеу жұмыс:** Бақбақтың сабағын кесіп, сүт сияқты сұйықты қарау.

Еңбек. Гүл егілген алаң айналасын тазалау.
Мақсаты: Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.

Қимылды ойын «Өз гүліңді тап».

Мақсаты:

- түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету.

№19 Жәндіктерді бақылау

Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;

— Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.

Бақылау барысы

Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:

- Гүлдің нәрін жинайды,
Адамға бал сыйлайды.

Еңбекқорды аялайды,
Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара)

- Қанды сорып сүліктей,
Ызыңдап кеп шағады.

Бұл қандай бүлік дой? (маса)

Ызыңдап ән салып,
Жұп-жұқа қанаты.

Тәттіге тамсанып,

Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын)

- Құжынаған жұмыскер,
Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа)

Тор тоқуға шебер-ақ,

Бірақ киім тікпейді.

Өнері де өнер-ақ,

Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)

Тәрбиеші сұрақтары.

◆ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)



◆ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер?
(көбелек, құрт т.б)

◆ Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады?
(аралар)

◆ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)

◆ Жәндіктер қайда тіршілік етеді?
(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)

◆ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (ара, жібек құрты, құмырсқа).

◆ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды?
(құмырсқа)

◆ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)

Зерттеу жұмысы Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.

Еңбек: Алаңды қоқыстардан тазалау.

Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.

Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».

Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.

Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту.

Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.

№20 Ауа-райын бақылау

Мақсаты: Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.

Бақылау барысы **Көркем сөз. А. Меңдібай**

Мамыр айы келгенде,

Дала гүлге толады.

Жайнап барлық атырап,

Қызық-думан болады.

Бақшамызда біз еккен,

Гүл шоқтары гүлдейді.

Жапырақтар сыбдырлап,

«Қандай көркем, көр»-дейді.

Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді.

◆ Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген? (көктем).

◆ Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр, жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)

◆ Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (күн жылығандықтан)

◆ Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем)

◆ Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма?

Қандай? (балалар жауабы тыңдалады)

◆ Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк)

◆ Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр).

◆ Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді?

◆ Жаңбыр қандай температурада жауады?

◆ Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды? (күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды).

Еңбек Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. **Мақсаты:** кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.

Қимылды ойын «Үшінші артық».

Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.

Жаттығу ойыны

Қимылдарын дамыту. Мақсаты:

— Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;

— Қозғалыс координацияларын сақтау;

Мақал-мәтел -Сәуір айы-су айы,

Мамыр айы- гүл айы.

№21 Гүлзарды бақылау

Мақсаты:

- Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;
- Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау;
- Табиғатты сүйге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.

Бақылау барысы

Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді

- ◆ Қандай үй гүлдерін білесіңдер?
- ◆ Қандай дала гүлдерін білесіңдер?
- ◆ Олардың қандай айырмашылығы бар?
- ◆ Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?
- ◆ Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай?
 - ◆ Оларды қалай күтесіңдер?
- ◆ Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?
- ◆ Біздің гүлзарға отырғызуга арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады?
 - ◆ Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек?
 - ◆ Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуга болмайды?
 - ◆ Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл

гүлдер бір жылдық деп аталады?

Еңбек

Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту).

Мақсаты:

- Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау;
- Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.

Қимылды ойын

«Қай топ тез жиналады?».

Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру.

Жаттығу ойыны «Құлап қалма».

Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.

Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа.

- Гүл-араға, бал-балаға.

- Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.



№22 Құмырсқаларды бақылау

Мақсаты: Құмырсқалар туралы білімдерін тиянақтау; Зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын арттыру.

Бақылау барысы Көркем сөз «Құмырсқа» Г. Әкеев

Құжынаған құмырсқа, Ұйымшыл-ақ өздері,
Шығады ерте жұмысқа, Жүкпен қайтып қашықтан,
Нелер шебер табылып, Илеуіне асыққан.
Жасайды илеу жабылып. Бәрі еңбекпен шынығар,
Жылт-жылт етіп көздері, Ісін тындырып тынығар.

Балаларға сұрақтар

- ◆ Құмырсқалардың адамдарға және орманға қандай пайдасы бар? (зиянда жәндіктерді құртады)
- ◆ Орманның қандай тұрғыны құмырсқа мен оның көбелектерін (личинкаларын) жеуге құмар? (аю мен тоқылдақ)
- ◆ Құмырсқасыз жер болмайды.

Құмырсқаларды «ағаш дәрігерлері» деп те атайды.

Олар ағаштарды зиянды жәндіктерден қорғайды.

Құмырсқалар өте еңбекқор, олар өздерінен бірнеше есе үлкен нәрселерді илеулеріне сүйретіп тасиды.

Құмырсқалардың илеуінің тесігі төбесінде болады.

Құмырсқалар өз илеуінен ешқашан адаспайды.

Неліктен деп ойлайсыңдар. Құмырсқалар өз илеулерін иіскеп жүріп иісінен табады. Әр илеу өз құмырсқаларынан басқа құмырсқаларды

қалса, оны жабылып шағып тастайды. Әр илеудің өз иісі болады. Құмырсқалар тек қана ағаштардағы құрттарды құртып қана қоймайды, олар құстарға да көмектеседі. Құстар құмырсқаның илеуінің үстіне қанатын жайып отырады, құмырсқалар оларды үстеріндегі биттер мен бүргелерден тазалайды. Құмырсқалардан бөлініп шыққан өткір қышқыл иістен көпке дейін құстарға бит, бүргелер жоламайды. Құмырсқаның қышқылынан дәрі-дәрмектер де жасайды. Құмырсқалар залалсыз, дәрменсіз жәндік болғандықтан оларға тиіспеуіміз керек.

◆ Құмырсқалардың қандай пайдасы бар?

◆ Олар өз илеулерін қайда салады?

◆ қане біздің құмырсқалар қалай жұмыс істеп жүр екен, қарайықшы! (олар өздінің ізімен, бірінен соң бірі илеулеріне қарай ағылуда)

Зерттеу қызметі Құмырсқалардың бір жолына құм, бір жолына қант себу. Олардың қалай әрекет ететінін бақылау.

Еңбек Ойын алаңын тазалау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білулерін жалғастыру.

Қимылды ойын «Итеріспек». Мақсаты: Белгілі бір кеңістікте жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру;



№23 Кемпірқосақты бақылау

Мақсаты: өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпірқосақ туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.

Бақылау барысы

Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады.



- Жарқылдан соң жаңағы,
Суға бөкті бар алап.
Көкте түрлі жолақты,
Өрнек тұрды ғаламат.
(кемпірқосақ)

- Жаңбыр жуды жерімді,
Көкте өрмек керілді. (кемпірқосақ)
Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпірқосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жаңбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпірқосақ соғұрлым анық көрінеді. Кемпірқосақта жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады.

Балаларға сұрақтар:

- ◆ Кемпірқосақ қай уақытта пайда болады ?
- ◆ Ол қай уақытта жоғалады?
- ◆ Кемпірқосақ қандай құбылыс, қалай пайда болады?

Тәрбиеші балаларға тапсырма береді. Асфальт бетіне түрлі-түсті борлармен кемпірқосақтың суретін салу.

Еубек: Балабақша ауласын қоғым тазалау.

Мақсаты: аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.

Қимылды ойын «Қасқыр қақпан».

Мақсаты:

Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу.

Жаттығу ойыны:

Қимылдарын дамыту.

Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру.

Халық болжамы. Кемпірқосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады

№24 Көбелекті бақылау

Мақсаты: - көбелектер туралы білімдерін
молайту: пайда болуы, көбеюі, құрлысы,
пайдасы; -барлық тірі табиғатқа
қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Бақылау барысы

Көркем сөз «Қызыл-жасыл көбелек»

Ш. Мұхаметжанов

Дала қандай керемет,
Қойның гүлге толады.
Қызыл-жасыл көбелек,
Бір ұшып, бір қонады.
Қанша қусаң көбелек,
Қанаты бір талмайды.
Соныменен не керек,
Ақыры ұстай алмайсың.



Жазда, жасыл алқапта, гүлдер басында әдемі
көбелектер ұшып жүреді. Олар сондай әдемі,
түрлі-түсті. Ертеде Римде адамдар
көбелектерді өсімдіктер гүлінен пайда болған
дегенге сенген. Көбелектің екі жұп қанаты бар.

Олар майда қабыршақпен көмкерілген.
Сондықтан да оларды қабыршақ қанаттылар
деп атайды. Көбелектің денесі қабыршақпен

және майда шаштармен көмкерілген. Олардың
қысқа мұрттары мен үлкен көздері бар.
Гүлден гүлге қонып көбелектер шырын
жинайды және оларды тозаңдандарады.
Жазда ұрғашы көбелектер жер қыртысына
жұмыртқаларын жинайды. Бірнеше уақыттан
соң жұмыртқалардан құрттар-личинкалыр
пайда болады. осы осы құрттардан нағыз
көбелектер өседі. Тұт ағашының
жапырақтарымен қоректенетін көбелектер
адамға жібек алатын жіңішке жіптерін
сыйлайды.

Зерттеу жұмысы

Қай гүлге қандай көбелектер қонып жүргенін
қарау. (көбелектер көбіне өзі түстес гүлдерге
құмар болады)

Еңбек Гүлзардағы қоқыстарды жинау

Мақсаты: еңбек ете білу іскерліктерін
қалыптастыру, өз беттерінше тазалық
жүргізуге деген құштарлықтарын ояту.

Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар».

Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша жүкіруге,
өрмелеуге жаттықтыру

№25 Найзағайды бақылау

Мақсаты:

- «Найзағай» ұғымымен таныстыру;
- Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру;
- Сөздік қорларын байыту;
- Бақылағыштықтарын дамыту.

Бақылау барысы

Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады

-Аспанда от қамшы осады,
Ащы үнін ышқынып қосады.
-Дүрліктіріп алапты,

Шақпақ тастың жарқылы,
Бұлт көрпесін жыртады.

◆Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен?

◆Найзағай қай кезде ойнайды?

◆Аспан неге күркіреді?

◆Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады)

◆Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады)

◆Қалай ойлайсыңдар, найзағай неден пайда болады? Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады

да, күннің күркіреуі пайда болады.күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды.

Зерттеу қызметі Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу.

«Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақыпбекұлы

Нөсерлеп жаңбыр басталды,

Науада қалқып қақ қалды.

Найзағай тынбай жарқылдап,

Нөсер тұр құйып сатырлап.

Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер)

Еңбек 1 топ- ауланы тырмамен тазалау;
2 топ-қоқыстарды шығару

Мақсаты:Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету; Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру.

Қимылды ойын «Өз ағашыңды тап».

Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету.

Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін».

Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру

КҮЗ

МЕЗГІЛІНІҢ СЕРУЕН

КАРТОТЕКАСЫ



№1 Желдің соғуын бақылау

Жұмбақ

Қанаты жоқ — ұшады,

Аяғы жоқ — қашады.

(Жел)

Бақылау: балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру.



Тәжірибе. Желге қарсы жүгіру.

Қорытынды. Желге қарсы жүгіру қиын.

Қимылды ойын: «Желбезекпен жүгіру».

Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болады.

Еңбек: тәрбиешіге көмек.

Үлкендерге қызмет көрсету. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинау.

Өз бетімен ойындар ойнау:

«Желбезекпен ойын».

Ыңғайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі көңіл-күйде болу.

№2 Күздің ерте, кеш келуін бақылау

Тақпақтар

«Күз» Н. Әлімқұлов

Берекесін сыйлауға
Өлкемізге күз келді.
Жемістерін жинауға
Шақырады біздерді.

«Күз» Қ.Ыдырысов

Күзім-ау, күзім-ау,
Мінезін бұзық-ау,
Жаңбырын сіркіреп,
Келгенің қызық-ау.

Бақылау: Табиғаттағы өзгерістерді бақылауға үйрету: жапырақтардың түсінің өзгерістері, құстардың жылы жаққа ұшуы, жаңбырлы болуы, күзгі өзгерістерді ажырата білуі.



Қимылды ойын: «Егінді тасымалдау»

Дабыл бойынша арбамен «егін» тасу, бір шеттен, екінші шетке тасу. Шыдамдылық пен шапшаңдыққа баулу.

Еңбек: Гүлзарда жұмыс.

Гүлдерді гүл ыдысына отырғызу. Жұмыстың ыңғайын білу. Гүлге деген сүйіспеншілікті арттыру.

Өз бетімен ойындар: «Құмда сурет салу» Балаларды құмда сурет салуға үйрету.

Атқарған жұмыстарын атап, мадақтап өту. Бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.

№3 Аспанды бақылау.

Жұмбақ.

Бір түкті кілем,
Бір түксіз кілем. (Аспан)

Бақылау:

табиғаттағы күзгі өзгерістерді бақылау жұмысын жалғастыру. Бұлттар сұр түсті болатынына назар аударту. Тірі және өлі табиғат арасындағы өзгерістерді байқату: күннің суытуы, құстардың ұшып кетуі. Табиғат туралы түсініктерін әрі қарай дамыту.

Қимылды ойын: «Ұшақтар».

Дабыл бойынша қимыл жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды бекіту. Көтеріңкі көңіл-күйде болу.

Еңбек:

құрғақ жапырақтарды жинау, гүлзардағы гүлдердің тұқымын жинастыру. Үлкен адамдардың тапсырмаларын орындауға үйрету. Оларға көмектесу. Бастаған істі аяқтауға талпындыру.

Өз бетімен ойындар ойнау: «Ұшақтар».

Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруына көмек беру.

№4 Ойын алаңына ұшып келген құстарды бақылау.

Мақсаты: құстарды танып білу, дене бөліктерін атау; құстарға деген қамқорлық сезімдерін ояту.

Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (мәселен, гүл суару).

Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету.

Қимыл-қозғалыс ойындары: «Допты қуып жет», «Күн мен жаңбыр» (мөлшері 2-3рет).

Мақсаты: бір-бірімен қақтығысып қалмай жүгіруге жаттықтыру.

Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.

Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралптастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.



№5 Жаңбырды бақылау

Жұмбақ.

Көтеріліп теңізден,
Аспанға биік барамын.
Биіктен қайта түскенде,
Өңі кірер даланың. (Жаңбыр)
Бақылау: жаңбыр кезінде, ауа
райындағы өзгерістерді білуге
үйрету: сұр аспан, бұлтты,
бұлыңғыр жаңбыр жауып тұр.
Өзгерістерді көрсету; күзгі жаңбыр
ұзақ және сирек, жаңбырдан кейін
суық жердегі сулар көпке дейін
құрғамайды, өйткені күннің көзі
жоқ, жәндіктер тығылып қалған,
құстардың тамақтары азайған соң
олар оңтүстікке ұшып кетеді.



Қимылды ойын: «Кең қадам».

Сызықты баспай, балаларды
белгілеген жерге секірту. Жалпы
ережені сақтауға тәрбиелеу
(сызықты басып қалсаң —
ойыннан шығасың).

Еңбек: гүлзардағы жерді
қопсыту. Үлкендерге қысқа
дайындық кезеңінде
көмек беруге тәрбиелеу.

Әдептілікке, өзінің еңбек
құралдарын жинауға үйрету.

Өз бетімен ойындар ойнау:
«Қайықтар».

Балалардың өз жолдастарымен
бір шешімге келуі және бір іс-
әрекетті ұжыммен жасауы.

№6 Бұлтты бақылау

Жұмбақтар.

Ақ мақта,
Жүзіп барады бір жаққа. (Бұлттар)
Көзі жасты — жылжып,
келе жатыр бір алып,
Жабырқаса, жылайды,
жадыраса, құлайды. (Бұлт)

Бақылау: балалармен бірге бұлттарды бақылаймыз.

Бұлт өлі табиғатқа жатады. Бұлт аспанда ұшып, көшіп жүреді. Бұлттар әртүрлі пішінді болады. Бұлттар аспанның ішінде жүзіп бара жатқан қайықтарға ұқсайды. Бұлттан қар жауады, жаңбыр жауады.

Қимылды ойын: «Кең қадам».

Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң — ойыннан шығасың).

Еңбек: гүлзардағы жерді қопсыту.

Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу. Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету.

Өз бетімен ойындар ойнау: «Қайықтар».

Балалардың өз жолдастарымен бір шешімге келуі және бір іс-әрекетті жасауы.

№7 Өрмекші мен өрмекті бақылау

Жұмбақ.

Шидиген ұзын сирағы,
Тастай керең құлағы.
Сөйтіп жүріп көп жерге,
Аспалы торлар құрады. (Өрмекші)

Бақылау: өрмекшінің өмірі жайында терең білім беріп және олардың жоғалып кетуі жайлы әңгімелеп беру.

Өрмекті елестету, өрмек ол өрмекшінің ұсақ жәндіктерді қоректену үшін құратын жіңішке, әрі берік өрілген жібі екендігін айтып беру. Байқампаздықты қалыптастыру.



Қимылды ойын: «Маймылдар».

Гимнастикалық қабырғаға өрмелеп, ілулі тұрған заттарды алуға үйрету және эстафетаны келесі ойыншы жалғастыруы қажеттігін үйрету. Ойын барысында жылдам шешім қабылдауға тәрбиелеу.

Еңбек: «Өрмектеп жинау».

Кезекшінің міндеті және берілген тапсырманы мүлтіксіз орындау, қабілетін дамыту.

Өз бетімен ойындар ойнау.

Басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.

№8 Өзенді бақылау


Жұмбақтар.

Жазда сылдыр қағады,
қыста тыным табады. (Өзен)

Бет көрсететін айнам,
тауып алдым сайдан. (Ағын су)

Бақылау: өзенде болатын маусымдық өзгерістерді бақылап және атап берулерін қадағалау. Су күңгірттенді, суда жүзетін құстар жоқ, балықтар мен бақалар су түбінде. Өзен — табиғаттың негізгі ресурсы екендігін және оның сұлулығына қарап, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Тәжірибе. Суға ұсақ тастар мен жаңғақтарды лақтыру.



Қорытынды. Ауыр заттар батып, жеңілі су бетіне шығады.

Қимылды ойын: «Жылға арқылы».

Екі түзу сызықтан қос аяқтап секіруді қалыптастыру. Сабақ барысында үйренген әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануға үйрету.

Еңбек: «Аквариум үшін жағадан ұсақ тастар жинап теру».

Тапсырманының маңыздылығына мән беру, Аквариумдағы балықтардың өмірі туралы көзқарастарын кеңейту.

Өз бетімен ойындар ойнау: Ойынның барысы мен ережесін өз бетімен ойлап табуға үйрету; шығармашылық қабілеттерін дамыту.

№9 Жеңіл көлікті бақылау

Жұмбақтар.

Арқасында алып жүр,
ала тайым шауып жүр. (Автобус)

Табаныңда жолы бар,
төбесінде қолы бар. (Трамвай)

Бақылау: жеңіл көліктер жайлы біліп, оларды атап көрсету; жеңіл көліктердің қосалқы бөліктері жөнінде білімдерін кеңейту. Жүк машинасы мен жеңіл машинаның айырмашылықтарын атап көрсету.



Қимылды ойын: «Такси».

Қос аяқты түзу ұстап, аяқтың ұшымен гимнастикалық шеңберді алып (обруч), қосақтасып жүгіру. Бір-бірін итермей ойын ережесін сақтау.

Еңбек: берілген жеке тапсырманы мұқият орындауға үйрету. Еңбекке деген дұрыс көзқарастарын дамытып, тәрбиелеу.

Өз бетімен ойындар: «Секіргішпен ойна».

Ұялшақ және сенімсіз балаларды өзгелермен бірлесіп ойнауға ыңғайлы жағдай жасау.



№10 Автобустарды бакылау

Жумбақ.

Жүргіздім бұл үйімді,
Жүйткісе, жұрт сүйінді.

Бар жолмен жұртты тасып жүр
Жылдамдыққа басып жүр. (Автобус)

Бакылау:

қоғамдық көлік — автобус туралы білімдерін
кеңейтіп, тереңдету; жеке көлік
(тасымалдайтын) оларды ажырата білу.

Қоғамдық көлікке өздерін ұстау
ережелерімен таныстыруды жалғастыру
(үлкендерге орын беру, ақырын сөйлеу, жол
ақысын төлеу).

Қимылды ойын: «Бос орын».

Сигнал бойынша (жүргізуші ойыншыға
қолмын тигізеді) ойын ережелерін сақтап
(шеңберді айналып жүгіреді) босатылған
орынға тез отыруға үйрету.

Еңбек: күркедегі жолды қардан тазалау.
Тапсырма орындауда мақсаттылықты, күш-
жігер салуға, ептілікке тәрбиелеу.

Өз бетімен ойындар:

«Қардан құрылыстар жасау».

Қарды жиып, оларды күрекпен нығыздап,
қажетті пішін құрауға үйрету. Жұмыла
ойнауға тәрбиелеу.



№11 Ересек балаларды бақылау

Балдырған баламыз,
Балдырған баламыз,
Досты көп табамыз.
Қашан да, қайда да.
Достар бір-біріне
Сенімді боламыз.
Екі деген екі дос,
Бірін-бірі қимайтын.
Артық-кемді етпей сөз,
Бірін-бірі сыйлайтын.



Бақылау: ересек балаларды (мінез-құлықтары, ойындары), киімін бақылауға; киім түрлерін, оларды арнаулы атауға (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар және т.б.); киім және ауа райы арасындағы байланыс орнатуға үйрету. Ересек балалар арасында мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Қимылды ойын: «Ақ аюлар».

Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, қарапайым өзара қарым-қатынас қабілеттілігін қалыптастыру.

Еңбек: сырғанау жолын әзірлеу. Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолжетімді көмек көрсетуге тәрбиелеу.

Өз бетімен ойындар: ересек балалармен бірлескен ойындар Жүргізуші рөлін өз мойнына ала білуді қалыптастыру; белсенділікті, дербестікті тәрбиелеу. Балалардың бастамашылығын ынталандыру. Ойынға жауапкершілікпен қарауға, тәртібін бұзбай ойнауға тәрбиелеу.

№12 Ағаштарды бақылау

Көркем сөз.

Тербеледі ағаштар,
Алдымнан жел еседі,
Кіп-кішкентай ағаштар,
Үп-үлкен боп өседі.

Бақылау: сыртқы белгілеріне қарап ағаштардың 2-3 түрін (шырша, қайың, терек) танып, ажырата білу. Маусымды өзгерістер кезінде ағаштарды бақылау, жапырақтарының азаюына назар аудару.

Жапырақтардың жазда және күзде қандай түсте болатынын анықтау.



Қимылды ойын:

«Аталған ағашқа жүгіріп бар».

Бейнеленген сын-сипатты белгілер бойынша ағаштың атауларын білу.

Сигнал бойынша жұмыс істеп, алаңда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыруға үйрету.

Еңбек: ағаштардың арасындағы құрап қалған бұтақтарын жинау. Ұжымдық тапсырмаларды орындап, бірлескен тапсырманы дер кезінде аяқтауды үйрету.

Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: әткеншек тебу. Ойын барысында достық қарым-қатынас бірлестігін жетілдіру.

№13 Шөптің солуын бақылау

Жұмбақ.

Дала кілемі.

Ол не? (Шөп, өсімдіктер)

Бақылау:

балаларды шөптің кескін-келбеті өзгеруі туралы түсініктерін көңейту. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін арттыру.

Қимылды ойын: «Көгершін» ойын.
(шешен-ингуш халықтарының ұлттық ойыны)

Алаңда орын ауыстыруды бекіту, жартылай отырып, аяқты бірге қосып, қолды тізеге дейін созып, айқастырып ұстау (қабылдаған қалыпты сақтап, орын ауыстыру, бір-бірін итермеу). Ойын ережесін сақтау.

Еңбек: қурап қалған шөпті тырнауышпен жинау.

Тырнауыштармен жұмыс істеуді бекіту, нақтылы орынға шөпті жинау.

Еңбексүйгіштікке баулу.

Өз бетімен ойындар:

«Ертегідегі үйшік» ойыны.

Балалардың қалауы бойынша (2-3 адам) үйшік ойнауларын қадағалау. Байсалды, қуанышты жағдай жасауына мүмкіндік туғызу.

№14 Шыбын, шіркейлердің жоюлуын бақылау

Жұмбақ.

Шидім, шидім, шидім құс,

Ши басына қонған құс.

Қарқаралы қара құс,

Хан басына қонған құс.

(Шыбын)

Бақылау:

күз мезгілінде шыбын-
шіркейлердің өмір сүруін,

олардың тастар мен


жапырақтардың астына

тығылуын бақылау, қорытынды

жасау. Ауа райының

салқындауына байланысты

жәндіктердің жоғалуы.



Қимылды ойын: «Көбелекті ұстап алу».

Бір затты (көбелекті) ұстап алу
мақсатында жоғары секіруге үйрену.

Достарымен жақсы

қарым-қатынаста болуға, тәрбиелеу.

Еңбек: клумбаларды қурап қалған
гүлдерден тазалау, өз міндеттерін үлкен
жауапкершілікпен атқаруға тәрбиелеу,
өсімдіктерге деген сүйіспеншіліктерін
арттыру.

Өз бетімен ойындар:

жақсы көретін ойыншықтармен ойнау,
ойынды жолдастарымен бірігіп ойнауға
үйрету.

№15 Саңырауқұлақтарды бақылау

Жұмбақ.

Сыртты бүтін,

Іші түтін.

(Саңырауқұлақ)

Жеуге жарамды — ақ түсті, майлы.

Улы — мухомор, бозарыңқы арамқұлақ.

Бақылау: саңырауқұлақтарды ажырата білу, олардың сырт бейнесіне қарап тану (түсі, пішіні). Бөліктерін атап беру: аяғы, қалпағы. Күз айының кереметін ұғыну, мейірімділікке тәрбиелеу.



Қимылды ойын: «Аюдың апанында» (орыс халқының ұлттық ойыны).

Балаларға сөздерін анық айтқызу, ойын ережесін сақтауға үйрету. «Аюды» санамақ арқылы таңдауға үйрету.

Еңбек: тотықұсқа тамақ.

Ерікті күштерді қоса тіркелетін қызметтің мақсаттылығына тәрбиелеу. Өз еңбегінің маңыздылығын түсіндіру.

Өз бетімен ойындар: «Балық аулау» т.б. ойындар.

Ептілікті талап ететін дербес ойындарды мадақтау, жылдамдыққа үйрету

№16 Бақшадағы көкөністерді бақылау

(қырыққабат, қызылша, қызанақ, бұршақ)

Тақпақ.

Көкөністі көп ектік,
Өссін, піссін деп ектік,
Көктемде еккен көкөніс,
Күзде берді көп өнім.

Бақылау: көкөністер жөнінде білімдерін кеңейту: аты, түсі, дәмі, тағамға қолданылуы, құрамындағы дәрумені; күзде көкөністерді жинау; көкөністердің пісіп-жетілуіне мән беру; топырақ салынған жәшіктерді арнайы бөлмелерде сақтау. Өз еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйрету.



Қимылды ойын: «Бақшашылар».

Бақшаны топтасып жинауға балаларды ұйымдастыру. Ойын ережесі: тәрбиешінің белгі беруін күтіп, эстафетаны жалғастыру.

Еңбек: бақшадағы жұмыс, көкөністерді жинау.

Бақшадағы көкөністерді жинап, ересектер мен жолдастарына белсенді түрде көмек көрсеткен балаларды мақтау.

Өз бетімен ойындар: «Көкөністер дүкені».

Көкөністер мен жеміс-жидектерді құмнан мүсіндеу. Берілген ойын тақырыбында шығармашылық, белсенділік көрсеткендерді мадақтау; ойынға деген қызығушылықтарын қолдау және дамыту. Көкөністер мен жемістер туралы алған білімдерін бекіту.

№17 Гүлдерді бақылау

(георгин, астра, календула)

Жұмбақ

Құлпырса қадірлейді, аялайды,
Құрғаса сыпырғышқа жарамайды. (Гүл)

Бақылау: гүлзардағы гүлдердің 2-3 түрінің айрықша белгілерін анықтауда үйрету; оларды ағаштардан ажырата білу; олар қайда өсетінін білу (орман, бақша т.б.).

Күзгі гүлдердің сұлулығына қызығушылықпен, махаббатпен қарауға тәрбиелеу.



Қимылды ойын: «Бақшадағы тауықтар».

Ағаштарға өрмелеп, белгілі бір жерге секіріп түсуді үйрету. Ойын барысында достық қарым-қатынасты сақтауға тәрбиелеу.

Еңбек: бақшада жұмыс (жер қазу). Ересектерге белсенді көмек көрсеткен балаларды мадақтау, марапаттау.

Ұжымдық тапсырманы бірлесіп орындауға тәрбиелеу.

Өз бетімен ойындар.

«Геометриялық пішіндерді түскен жапырақтармен әшекейлеу».

Әр балаға өз еңбегіне қанағаттанарлық жұмыс жасауына көмектесу. Сөздік қорын дамыту.

№18 Түскен жапырақты бақылау

Жұмбақ

Ағайынды бәрі,
Шықса жасыл,
Түссе сары.
(Жапырақ)

Бақылау: ағаштардағы жапырақтардың азайғандығына балалардың назарын аудару: жапырақтар түсіп, айналып, түстерін өзгертуде.

Жапырақтардың маусымдық өзгерістеріне, сұлулығына сүйсіне қарауға тәрбиелеу.

Тәжірибе: құрғақ жапырақтардың үстімен жүру.

Қорытынды: жапырақтар аяқ астында сусылдайды.

Қимылды ойын:

«Тыныш жүгіріп өт».

Жапырақтардың үстімен белгілі бір уақытта ақырын жүріп өту. Ережені сақтай отырып (мәреге дейін жүгіріп, кері қайту). Ойындарға белсенді қатысуын талап ету.

Еңбек: түскен жапырақтарды жинау.

Белгіленген жерге түскен жапырақтарды тырнауышпен жинап тасуды үйрету.

Балалардың бірігіп жұмыс істеуін қадағалау. Өз бетімен ойындар:

«Жапырақты кілем».

Балалардың бірлескен ойынының келісімді болуын қадағалау, бақылау.



№19 Шалшық суды бақылау

Көркем сөз.

Сылдырлайды мөлдір су,
Мөлдір суға бетіңді жу.
Тазалықтың досы,
Су дегенім осы.

Бақылау:

балалардың назарын жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға аудару.

Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың тез сіңіп, ал күзде, салқын түскенде ақырын сіңіп кететініне мән бергізу.

Тәжірибе. Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру.

Мақсаты: кейбір заттардың суға батып кететінін, ал кейбіреулерінің су бетінде қалқып жүретінін бақылау.



Қимылды ойын:

«Бір аяқпен жолдан секіру».

Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету.

Еңбек: балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау, еңбектің маңыздылығын сезінуге және үлкендерге көмектесуге үйрету.

Өз бетімен ойындар:

гимнастикалық құралдарға өрмелеу (баспалдақ т.б.).

Балалардың қосалқы ойындарға деген қызығушылықтарын дамытып, достық қарым-қатынаста ойнауға қадағалау.

№20 Аула сыпырушының жұмысын бақылау

Мақал-мәтел.

Еңбексіз өмір — сөнген көмір.

Бақылау: аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау, еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларда түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, тәрбиелеу.

Қимылды ойын: «Құнан шабысы» (қырғыз халқының ұлттық ойыны).

Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету.

Жылдамдықпен күш жігерді дамыту.



Еңбек: аула сыпырушыға көмектесу.

Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету. Еңбектенуге деген құштарлықтарын дамытып, тәрбиелеу.

Өз бетімен ойындар:
доппен ойын.

Әр балаға доппен ойнау мүмкіндігін беру. Олардың ойын барысында еркіндік пен қуаныш сезімін оята білу.

№21 Балабақшаның айналасындағы өсімдіктерін бақылау.

Бақылау: Мақсаты: ағаштар мен гүлдерді ажырату, ағаштарды сындырмауға үйрету.

Еңбек тәртібі: гүлзарға гүл суару.

Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету.

Қимылды ойын «Көпіршік».

Мақсаты: шеңберге жиналу қабілетін жаттықтыру.



Еркін ойын әрекеті: сыртқы материалмен ойындар.

Мақсаты: қызығушылық ойындарын

таңдауды қамтамасыз ету және құрдастарымен қарым-қатынасты қалыптастыру.

Жеке жұмыс: қажеттілігіне қарай балалармен жеке жұмыстар жүргізу.

№22 Жеміс ағаштарын бақылау

Тақпақ.

Жеміс біткен бау-бақша,
Жемін жайды жан-жаққа.

Бақта құстар сайрады,
Құйқылжытып сан-саққа.

Қолға ап бақша құралын,

Суды атызға бұрамын.

Ағаш түбін қопсытып.

Арам шөпті жұламын.

Бақылау: ағаштардың түстерінің өзгеруін, өсуін көру, жемісін бақылау (ранетки). Жасыл, піспеген жемісті жеуге болмайды, тек піскен жемісті жеу керек екенін түсіндіру.



Қимылды ойындар: «Қоян мен қасқыр».

Мәтіннің сөздігімен сәйкесінше әрекетті жасау білімділігін бекіту, ойынды дабылдың қағысымен бастау. Алаңның бойымен қозғалу.

Еңбек: «Құм салғыштан шашылған құмды жинастыру»

Топ алаңындағы құмды өз ынтасымен жинастыруға үйрету; тазалыққа және ретке келтіру әдетін қалыптастыру.

Өз бетімен ойындар: тақырыпқа берілген ойынды жүргізу. Шығармашылық сезімдерін ояту. Ұстамдылығы мен ойынға деген қызығушылығын дамыту. Жемістер мен көкөністер туралы білімдерін бекіту.

№23 Торғайды бақылау

Мақсаты: торғайдың пайда болу ерекшеліктері, өмір көріністері туралы білімді тереңдету; балалардың назары мен жадын белсендіру.

Бақылау барысы:

- Торғай қандай?
- Ол немен қоректенеді?
- Қалай ән айтады?

Торғай - кішкентай құс. Торғайдың артқы жағы қоңыр, қара жолақтары бар. Құйрығы мен қанаттары қара қоңыр, иек пен тамағы қара, бірақ басы сұр. Торғай - епті құс, қорықпай секіреді, үгінділер, тұқымдар, дәндер алады. Ол барлық жерде адамның әдеттеріне жақсы бейімделеді. Торғай "шиқ-шиқ" деп ән салады.

Еңбек: балабақша бақшасындағы арамшөптерді жұлуға үйретіп, арамшөптердің түріне қарай ажырата білу қабілетін бекіту.

Өз бетімен ойындар: ашық ойындары- қозғалыс бағытын өзгерте отырып, сигнал бойынша жылдам қозғалуға үйрету. "Допты ұстаңыз" - допты лақтыру және ұстау дағдыларын екі қолмен бекітуді жалғастырыңыз.



№24 Жапырақтардың толық түсуін бақылау

Жұмбақ.

Ағайынды бәрі,
Шықса жасыл,
Түссе сары. (Жапырақ)

Бақылау: өсімдіктер дүниесінің маусымдық өзгерістері туралы түсініктерін жалғастыру: жалаңаш ағаштар.

Жапырақтардың қайдан түскенін, қайда түскенін, түсі қандай болғанын естеріне түсіру. Әдемі жапырақтарға сүйсіне қарап, табиғатты білуді және табиғатпен қарым-қатынастан қуаныш алуға тәрбиелеу.

Қимылды ойын: «Соқыр теке» ойыны (орыс халқының ұлттық ойыны).

Ойын ережесін сақтай отырып, балалардың ойынға қатысуын қадағалау. Еңбек: ауладағы жұмыс. Жапырақтарды тырнауышпен жинау.

Өз бетімен ойындар:

түскен жапырақтардан оюлар, заттар құрастыру, шығармашылықтарын, фантазияларын дамыту.



№25 Алғашқы түскен қарды бақылау

Жұмбақ.

Көктен түсіп көбейді,
Ұқсайды өзі шекерге.
Бірақ ешкім жемейді,
Жерде жатыр бекерге.

Ол не? (Қар)

Бақылау:

бақылап қорытынды жасау; күшті аяздардың болмағанынан алғашқы қар ақ болады, тез ериді. Қысқы табиғаттың әдемілігі сүйсінуге тәрбиелеу.

Қимылды ойыны: «Сұр қоян жуынды».

Мәтінмен сәйкес қозғалысты орындай білуді бекіту. Алаңда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыру дағдыларын дамыту.

Еңбек: «Бөлме өсімдіктерін күту».

Тәрбиешінің басқаруымен балалар пайдалы іспен оранжереяларда, қысқы бақтарда айналыса алады. Бөлме өсімдіктерін күтуге тәрбиелеу: өлшемді суару, гүлсауыттағы шартты белгіге қарау, жапырақтарды дұрыс сүрту. Өз бетімен ойындар: шашақтармен ойын Таза ауадағы ойындарды мадақтау. Өзіне қызық ойындарға қатысуға тәрбиелеу

ҚЫС

мезгілінің серуен
картошкасы



№1 Маусымдық өзгерістерді бақылау

Мақсаты:

Қыс басындағы табиғаттағы өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру
(күн қысқарады, түн ұзарады);

Қыс мезгілінің басындағы қысқа тән белгілерді көре білу және өлең жолдарынан
таба білу.

Бақылау барысы: Көркем сөз

Желтоқсан - қыстың алғашқы айы. Қоңыр бұлт астынан күн әлсіз сығалайды. Сондықтан
да қысты «түнжыр қыс деп атайды». Күн қысқа, түн ұзақ, бұл айда күн көзі сирек
көрінеді. Желтоқсанда түнде қатты аяз болады, өзендер мен көлдерде қалың мұз қатады.

Балаларға сұрақтар:

- ◆ желтоқсан айы қай айдан соң келеді?
- ◆ қараша айына қарағанда балабақша ауласында қандай өзгерістер болды?
- Күз мезгілімен салыстырғанда адамдар киімінде қандай өзгерістер пайда болды?

Біздің ауладан қыс белгілерін іздеп табыңдар?

Еңбек Ағаштар түбін қармен көму..

Мақсаты: тірі табиғатқа деген көмек көрсету ықыласын арттыруға
тәрбиелеу..

Қимылды ойындар: Қар лақтырып ойнау

Мақсаты: затты лақтыру дағдыларын бекіту.

Бір аяқпен секіру.

Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауға баулу.

Жаттығу ойындары: Қозғалыстарын дамыту.

Мақсаты: тепе-теңдікті сақтап қозғалыс жасағанда өз-өзін сақтандыруға үйрету.

Халық болжамы: - Егер тауық ерте қонақтаса, аяз болады.



№2 Бақшаны бақылау

Мақсаты: — қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру;
— зерттеу қызметіне деген қызығушылықта-рын арттыру.

Бақылау барысы

Көркем сөз .

Далада қар болрайды,
Ақ мамыққа орайды.
Мұз болады қатады,
Жып-жылтыр болып жатады.
Аралайды бақшаны,
Үзілмейді жақсы әні.
Гүлденеді бақшалар,
Жауса-жаусын ақша қар.

Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болды? ? (барлық жерді қар басты.)
өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар?
(аяз бен желден сақтайтын «көрпе»)

◆ бақшалықта қар көп болса, ол- жақсыма, жаман ба? (жақсы, себебі жерде ылғал мол болады)

Қар бақшалықтың барлық бөлігінде тегіс жата ма? (жоқ, тегіс жерлерде бірыңғай болады, ал биік жерлер мен ылди жерлерде әртүрлі

жиналады)

Қар ғимарат жанында көп жинала ма, әлде орталықта ма? (ғимарат жанында)

◆ неліктен? (соққан жел орталықтағы қарды ғимарат жанына ысырады.).

Зерттеу жұмысы

Бақшаның әртүрлі бөлігіндегі қар қалыңдығын қар өлшеуіш құралмен өлшеу..

Еңбек: қардан құрлыс тұрғызу

Мақсаты: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету;

Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Қимылды ойындар:

«Қу тұлкі».

Мақсаты: балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау.

Жаттығу ойындары: «Нысанаға тигіз».

Мақсаты: көз мөлшерін және лақтыру күшін дамыту.



№3 Торғайды бақылау

Мақсаты:

Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру;

Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; — құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.

Бақылау барысы Көркем сөз Торғайларды қорға. Ө. Ақыпбекұлы

Шыр-шыр еткен торғайды
Қорғамасаң болмайды.
Кіп-кішкене торғайлар
Ағаштарды қорғайды.
Таспен атып торғайды,
Ұя бұзған оңбайды.
Құс өкпелеп кетеді,
Бақшамызға қонбайды.



Біздерде жылы жаққа ұшпай қалған құстарды қалай атаймыз? (қыстап қалатын құстар)

Қыстап қалатын құстар мен ұшып кететін құстардың қандай айырмашылығы бар? (қыстап қалатын құстардың мамықтары қалың және тұмсықтары мықты борлады.)

Қыстап қалатын қандай құстарды білесіңдер? (торғай, қарға, тоқылдақ, сауысқан, кептер)

Торғайлар қыста немен қоректенеді? (дәндермен, қалдықтармен.)

Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? (қыста құстарға азық жетіспейді, ал, егер олар тоқ болса аязға тоңбайды.)

Құстарды бақылаған кезде олардың мінез-құлықтарынан нені байқадыңдар?. (өздерінің азықтарын нан ұсақтары мен қалдықтарды, дәндерді тез табады. Тұмсықтарын қанаттарының астына тығып суықтан қорғанады)

Торғайлар неге адамдарға жақын маңға қоныстанады? (себебі адамдар жанында азық көп болады)

Торғай, торғай, торғайсың,
Жақын келіп қонғайсың.
Жем шашайын тере ғойғ
Сонда суыққа тоңбайсың.

Еңбек қызметі

Құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау.

Мақсаты: еңбекке деген ықыластарын арттыру.

Қимылды ойын «Нысанаға тигіз».

Мақсаты: қиып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу.

Жаттығу ойындары Қимылдарын дамыту

Қарды алыс нысанаға лақтыру

Мақсаты: қозғалыс координациясын дамыту.

№4 Қардың түсуін бақылау

Мақсаты:

- Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру;
- Қардың түсуі туралы білімдерін молайту; әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу.

Бақылау барысы

Көркем сөз «Қыс» Т. Молдағалиев

Жауа-жауа, қар жауып көп,

Шұқырларға толады.

Иығыңа қонады кеп,

Мойныңа да қонады.

Жауып бітер қарды тосып,

Үйіңе де сыймайсың,

Табиғаттың ақ көрпесін

Басуға да қимайсың

Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды.

Ауа-райы қандай болғанда қар жабысқақ болады?

Аяқ астында қар неге сықырлайды?

Қар неге ұлпа болады?

Айналага қараңдаршы, қандай әсем көрністерді көріп тұрсыңдар? (айнала аппақ, қар беті таптаза т.б.)

Зерттеу жұмысы

Ұшып келе жатқан қарды парақ бетіне қондыру, қардың қасиеттерін анықтау (ұлпа, мамық).

Еңбек: өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму.

Мақсаты: бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту

Қимылды ойын

«Ыстық-суық».

Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету

Жаттығу ойындары

Қимылдарын дамыту.

Мақсаты: Қарды алысқа лақтыруға үйрету

Халық болжамы: Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады.

№5 Ауладағы ағаштарды бақылау

Мақсаты :

- ағаштар туралы білімдерін молайту;
- ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру

Бақылау барысы

Көркем сөз «Қыс» Р.Сәбитұлы

Қар жамылды бақтарым
Қыратым да, сайым да.
Тағыпты қыс ақ қарын,
Үкі етіп қайыңға.

Бүркеніп ақ желекті,
Жарқырайды маңайым.
Ойға шомып теректің,
Ақ шалыпты самайын.

Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:
Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді??
Күзде қандай болды?
Қазіргі бейнесі қандай?

Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді?

Зерттеу жұмысы

Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы түрқын салыстыру

Еңбек

Жолды қардан тазалау.

Мақсаты: аула қараушыға көмектесу.
Қимылды ойын: «Кім аққалаға бұрын жетеді?»

Мақсаты: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру.

Жаттығу ойындары Секіру

Мақсаты: орнында тұрып секіру техникасын меңгерулерін жетілдіру
Халық болжамы. Ағашты қырау басса аяз болады, тұман түссе күн жылынады

№6 Аула тазалаушының еңбегін бағалау

Мақсаты:

Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру;

Сөздік қорларын байыту;

Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиелеу;

Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру

Бақылау барысы

Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:

Аула тазалаушы қыста балабақша ауласында не істейді?

Жұмыс үшін ол қандай құралдарды пайдаланады?

◆ Ағаштарды аяздан қорғау үшін ол не істейді?

◆ Аула тазалаушы жұмысы адамдар және табиғат үшін керек пе?

Еңбек

Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу.

Мақсаты:

- бірлесе жұмыс істеуге үйрету;
- еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Қимылды ойын

«Екі аяз» Мақсаты жүкіруге жаттықтыру;

Ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау

Жаттығу ойындары Шаңғымен жүру.

Мақсаты : шаңғымен жүруге жаттықтыру, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту.



№7 Ауладағы ағаштарды бақылау

Мақсаты:

Ағаштар туралы білімдерін бекіту;
Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін
дамыту.

Бақылау барысы

Көркем сөз «Ағаштар» М.Әлімбаев

Қысында да шырайлы,
Жасыл шырша ұнайды.
Түні бойы жауды қар,
Салбырады сәнді тал.
Тау баурайы төменде,
Өседі жас емендер.
Ауыл сәні терек,
Терек егу керек.

Сырғалы қайың, ақ қайың,
Баптайын, күтіп, сақтайын.

Басқа ағашпен аралас,
Жайқалады қарағаш
Көк қарағай, қарағай,
Мейірбанды анадай,
Көкке бойын созады,
Көпке қолын созады.

Балаларға сұрақтар:

Сендер тыңдаған өлең жолдарында қандай
ағаштар туралы айтылған

Ағаштар не үшін керек?

Ол адамға не береді?

Қыста ағаштар бейнесі қандай болады?

Қысқы, жазғы түстері бойынша басқа ағаштардан
айырмашылығы бар қандай ағаштарды білесіңдер?

Шырша мен қарағай туралы неге қысы-жазы бір
түсте деп айтады? Ағаштардың бір- бірінен
қандай айырмашылықтары болады?

Зерттеу жұмысы:

Балалар алаңдағы әр ағаштың бұтақтары, діңдері
және көрністері бойынша салыстырып,
айырмашылықтарын анықтап қортынды жасайды.

Еңбек

Ағаш түптеріне қар үю.

Мақсаты: ағаштарға деген қамқорлық сезімге
тәрбиелеу..

Қимылды ойын «Аулада қандай ағаштар өседі?».

Мақсаты: Ағаштардың аттарын есте сақтауларын
тиянақтау; Сөздік қорларын байыту;
Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Жаттығу ойындары

Қозғалыстарын дамыту: Аңдар биі

Мақсаты: әртүрлі аңдар қозғалыстары арқылы
ептілікке, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу.



№8 Қара қарғаны бақылау

Қарғалардың қысқы тіршілігін бақылау;
Басқа құстардан айырмашылығын табу.
(сыртқы түрі, дауысы, жүрісі).

Бақылау барысы

Көркем сөз

Құстар қыста тоңады Ө. Ақыпбеков

Құстар қыста тоңады,

Жоқ киетін ішігі.

Желде қатты соғады,

Қарды көзге ұшырып.

Қалатындай қайта ұшпай,

Ұя тапса шаттанып.

Жем іздейді байғұстар,

Қардың астын ақтарып.

Балаларға сұрақтар:

* Балалар, сендер қарғаның қалай дыбыстайтынын білесіңдер ме?

(қар...қар).

* Қарғаның түсі қандай?

* Оның басқа құстардан қандай айырмашылығы бар?



* Иә, қарға қыстап қалатын құс. Ол көбіне ағаштың басына шығып, айналаны бақылап отырады. Қарғаның мамығы қалың, тұмсығы мықты болады. Қарғалар ешқандай тамақ талғамайды, көзіне түскендердің бәрін: дәндерді, тұқымдарды, жәндіктер мен құрттарды, тіпті ұсақ жәндіктер мен құстарды да жейді.

Еңбек Алаңды қардан тазалау.

Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген ықыласын тәрбиелеу

Қимылды ойын:

«Бәйге».

Мақсаты: жүкіру жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту.

Жаттығу ойындары

Шаңғымен жүруге жаттықтыру

Мақсаты: күштіліктері мен мықтылықтарын дамыту.

№9 Желді бақылау

Мақсаты:

өлі табиғат туралы білімдерін байыту;
табиғат құбылыстарына деген
қызығушылықтарын қалыптастыру.

Бақылау барысы

Көркем сөз **Ұйытқыма жел** **Ө. Ақыпбекұлы**

Ұбырып-шұбырып,
Ұйтқиды құбылып.
Ұлпадай ақ қарды,
Ұршықтай үйіріп.
Ұлиды қасқырдай,
Ұйтқып көз аштырмай.
Екпіндей соғады,
Алдыға бастырмай.
Балаларға сұрақтар
Бүгін ауа райы қандай?
(суық, желді, аязды)

Қыс мезгілінде желді қалай атайды?

(боран, үскірік)

Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай
анықтауға болады? (компаспен, зырылдауықпен)

Жел қалай пайда болады?

Тәрбиеші түсіндіреді: Күн ауаны бірдей
жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-
суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық
ауа төмен түседі. Ауаның осындай
қозғалысынан жел пайда болады.

Еңбек

Сырғанақ төбешік соғу

Мақсаты: бір-біріне деген жағымды
көзқараста болуға тәрбиелеу.

Қимылды ойын «ең мерген кім?».

Мақсаты:

Заттарды лақтыруға жаттықтыру;
Көзбен мөлшерлей білулерін дамыту.
«Ағаш суретін сал».

Мақсаты: қар бетіне әртүрлі ағаш суретін
сала білулерін бекіту.

Жеке жұмыс: «Затты тап».

Мақсаты:

Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту;
Затты сипаттау бойынша табу.



№10 Көпшілік көліктерін бақылау

Мақсаты: — көпшілік көліктері туралы білімдерін тиянақтау, жолда жүру ережелерін білу;

— үлкендер еңбегі мен техникаға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.

Бақылау барысы

Балалармен әңгімелесу өткізу.

- ◆ сендер қандай көпшілікке арналған көлік түрлерін білесіңдер?
- ◆ Автобустар тоқтайтын жер қалай аталады? (аялдама.)
- ◆ Аялдамаға автобустардан басқа тағы қандай көліктер тоқтайды? (Маршруттар, таксилер.)
- ◆ Автобуска қай есіктен міну керек? (алдыңғы)
- ◆ Қай есіктен шығу керек?? (артқы)
- ◆ Автобустың қай жағынан айналып өту керек? (арт жағынан)
- ◆ Неге? (жолда келе жатқан көліктер жақсы көрінеді)

◆ Сен автобуста келе жатырсың. Бос орындар жоқ. Автобуска қарт кісі мінді. Сен не істейсің? Неге?

◆ Жолдан қалай өту керек? (асықпай, үлкендермен бірге, алдымен сол жаққа, сонан соң оң жаққа қарау керек)

◆ Бағдаршамның қай түсінде өту керек? (жасыл)

Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу.

Мақсаты: еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу, тапсырманы жауапкершілікпен орындауға баулу.

Қимылды ойын «Жүргізушілер және жаяулар».

— **Мақсаты:** Жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу

Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту. **Мақсаты:** 20 см биіктікке секіру дағдыларын бекіту



№11 Суықторғайды бақылау

Мақсаты:

Балалардың құстар туралы білімдерін толықтыру;
Салыстыру, талдау, қортынды жасай білу туралы
білімдерін толықтыру.

Бақылау барысы Көркемсөз А. Меңдібай

Қарағай мен шыршаның
Суықтан дені тоңып тұр.

Бұл не ғажап қарасаң,
Қайыңда алма өсіп тұр!

Жақын келіп қарасам,
Көзіме өзім сенбедім-

Алқызыл болып көрінген,

Әнші құсы орманның
Суық торғай сен бе едің?

Тәрбиеші жұмбақ жасырады:

Айналаны қар басса да,
Суықтан еш тоңбайды.

Құс екенін бұл қандай,
Қане, кім болжайды?

Кеудесі қызыл әсем-ақ,

Суықторғайдың кеудесінің түсі қандай? (ашық
қызыл)

Суықторғайлар жазда, көктемде, күзде қайда өмір
сүреді? (қалың орман көлеңкесінде)



Суықторғайлар бізге қай уақытта ұшып келеді?
(алғашқы аяз түскенде)

Суықторғайлардың балапандары қай уақытта
көрінеді? (мамыр айында)

Суықторғайдың ысқырығы (дыбысы) ненің
дыбысына ұқсайды? (флейта аспабының
дыбысына-ұяң, мұңды)

Қандай құстар қыстан қорықпайды? (суықторғай,
сарышымшық, сарнауық торғай)

Суықторғайлар немен қоректенеді? (өсімдіктер
дәндерімен)

Зерттеу жұмысы

Құстар ізін қарау. Оларды қарға мен жануарлар
(мысық, ит) іздерімен салыстыру. Қандай
айырмашылығы бар?

Еңбек Ойын алаңын қардан тазалау.
Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу

Қимылды ойын «Ұшты-ұшты».

Мақсаты: аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу
Жаттығу ойындары «Қапшықтағы жемді
жеткіз».

Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру
Халық болжамы: Құстар асыға қоректенсе
ауа-райы бұзылады.

№12 Боранды бақылау

Мақсаты: желді күнгі қардың қозғалысы туралы түсінік беру.

Бақылау барысы

Тәрбиеші жұмбақ жасырады:

Жерді тырнап, бұтаны ырғап,
Шөпті сипап, ұшады зырлап,

Жанын қинап, ұлиды зарлап. (боран)

Көркем сөз «Ақ боран» Ә. Табылды

Ақ көрпесін жапты да, Ақ боран-ау, ақ боран,
Аяз кенет аптыға, Алай-түлей соқ боран.
Айналаны үрледі, Ақ қар ұшып үйрілсін,
Ақ бораны гуледі. Ауламызға үйілсін.

Жас ұланмын шыныққан,

Жасқанбаймын суықтан.

Қардан жасап аққала,

Сырғанаймын шаттана.

Тәрбиеші сұрақтары:

Қалай ойлайсыңдар, боран дегеніміз не? (қатты соққан желдің әсерінен ұшқан қардың бір-біріне араласуы)

Мүқият қараңдаршы қар не жағдайға ұшырап жатыр? (қарлар желдің бағытымен ұшып жатыр)

Боран кезінде неліктен күртік қар пайда болады? (қатты желдің әсерінен араласып ұшқан қарлар, алдында кездескен кедергінің әсерінен бір жерге жиналады, сондықтан күртік қар пайда болады)
Қалай ойлайсыңдар, боран болғаны жақсы ма, әлде жаман ба? (ағаш түптері жалаңаштанып қалуы, содан үсікке ұшырауы мүмкін, жиналған қарға малтығып, жүру қиындайды)

Зерттеу жұмысы

Келесі күні ауланы қарау. Түбі ашылып қалған ағаш түптерін іздеп табу.

Еңбек

Бораннан соң ашылып қалған ағаш түптеріне қар үю.

Мақсаты: Бірлесе еңбек етуге, ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Қимылды ойын «Желдірмен».

Мақсаты: ойын мазмұнына сай қимылдар жасау.

Жаттығу ойындары Қимылдарды дамыту.

Мақсаты: секіру техникаларын дамыту (барлық түрінен).

№13 Қардағы құс іздерін бақылау

Мақсаты: қардағы құс іздерін тани білуге үйрету .

Бақылау барысы
Балаларға сұрақтар

Із дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі)
Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну..

Қалай ойлайсыңдер, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба?

Қар бетінде неліктен құс іздері қалады?
(құстардың салмағынан табаны астындағы қар үшқындары сынады)

Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі..

◆ Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? (құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)

Зерттеу жұмысы

Алаңдағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу.

Еңбек

Қардан қала тұрғызуға қар жинау.

Мақсаты:

Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру;
Жұмысты жоспарлау.

Қимылды ойын
«Ізбе із».

Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу..

Жаттығу ойындары

Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру..

Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын дамыту.

Халық болжамы:

Қар көп болса, нан мол болады.

Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады.

Ит қарға аунаса, қарлы боран болады.

Қыс аязды болса, жаз ыстық болады.

№14 Жеңіл көліктерді бақылау

Мақсаты: автомобильдер туралы білімдерін бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту.

Бақылау барысы

Көркем сөз «Тәртіп керек баршаға» Е.Елубаев

Бұзба көше тәртібін,
Ұрынасың апатқа.
Қызықты өтсін әр күнің,
Жақын болма шатаққа.
Көшеден өтер кезінде,
Абайлап қара жан-жаққа,
Келе жатқан көлікке,
Жол бер, өтсін, асықпа!



Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:

Балабақша жанындағы жолдан өтетін қандай көліктерді білесіңдер?

Барлық көліктерді қандай топтарға бөлуге болады?

(жеңіл, жүк, қоғамдық, арнайы көліктер)

Көліктер қоршаған ортаға қандай әсер етеді?

(ауаны түтіндерімен, асфальт бетін бензин тамшыларымен ластайды)

Көліктердің қандай пайдасы бар? (адамдарды, жүктерді қажет жеріне тез апарды)

Көліктердің адамға қандай кедергісі бар?

(таңертең дыбыстап, ұйықтауға кедергі болады, ауаға ащы түтін шығарады)

Қандай машиналар көп шулайды, ауаны көп ластайды? (Жүк машиналары)

Біздің қалада қандай машиналар көп? Неліктен?

Жолдан өтерде не істеу керек, қандай ережелерді сақтау керек?

Еңбек

Ауланы бірлесе отырып тазалау.

Мақсаты :

бірлесе еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу;

жылдамдық пен күштерін есептей білуге үйрету.

Қимылды ойын
«Бағдаршам».

Мақсаты: белгі бойынша әрекет етуге, қимыл-қозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету.

Жаттығу ойындары Ұзындыққа секіру .

Мақсаты:

Ұзындыққа секіруге, екі аяқпен итере қимылдауға үйрету.

№15 Күн мен түн неге ауысады?

Мақсаты: Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні туралы түсінік беру.

Бақылау барысы

Сендер қалай ойлайсыңдар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді. Жердің айналған уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге қараған бетінде түн болады.

Балаларға сұрақтар.

Жұлдыздар түнде қайда кетеді? (жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді)
Күн неге батады? (жер күнді айналады, сонықтан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.)

Зерттеу жұмысы

Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсе кедергі жасаса, онда одан көлеңке пайда болады.

Таңертең, түсте, кешке зерттеу жұмысын жүргізу. Таңертең және кешке көлеңке ұзын болады, ал, түсте көлеңке қысқа болады (түсте күн дәл төбеден түседі, сондықтан көлеңке қысқа).

Еңбек

Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару.
Мақсаты: еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу.

Қимылды ойын

«Жердің күнді айналуы».

Мақсаты: күн туралы білімдерін бекіту.
Жаттығу ойындары Қимылдарын дамыту
«Шығырыққа лақтыру».

Мақсаты: мергендіктерін дамыту.

Мақал-мәтел: Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.

№16 Қар жамылған ағаштарды бақылау

Мақсаты: ағаштар туралы білімдері кеңейту, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Бақылау барысы

Аулаға шығып, жауған қардан майысып тұрған ағаштарды сілкіп, қарын түсіру. Ағаштарға қамқорлықпен қарауға көңіл бөлу.

Әңгімелесу:

Ағаш түбінде неге ойнауға болмайды? (ағаш бұтағы сынуы немесе төбеңе қар құлауы мүмкін)

Ағаштар неге қыста өспейді?

Ағаш тамырлары қалай қыстайды?

Ағаштарға қыс мезгілі керек пе?

Ағаштар қыста неге тоңбайды? (қабығы қалың, шырын алмасуы болмайды, тыныш, қар жамылады)

Аязды күні аяқ астындағы қардың сықыры мен ағаштардың басынан қар түсуін бақылап, тыңдау.

Көркем сөз «Аядым» М. Әлімбаев

Жауған күні қар алғаш,

Ағаштарды аядым.

«Тоңбасын»- деп бұл ағаш,

Орап қойдым аяғын.



Балаларға сұрақтар.

Ағаштардың қандай пайдасы бар?

Ағаштарды жапырағын шашқан кезде қалай атайды? (күзгі ағаштар)

Зеттеу жұмысы

Жазда бұта өскен жердегі қарды тереңдетіп қазу.

Қар астынан жерге жабысқан, жасыл жапырақтары бар өсімдік шығуы мүмкін.

Балаларға мынадай қортындыны айтуға болады: қалың жауған қар өсімдік тамырларын аяздан қорғайды, олардың үсіп кетуіне жол бермейді.

Еңбек

Жауған қарды ағаш түбіне үю.

Мақсаты: ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.

Қимылды ойын «Кім ағашқа бұрын жетеді?»

Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауларын бекіту.

Жеке жұмыс: «Затты тап».

Мақсаты:

Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту; Затты сипаттау бойынша табу.

№17 Қарғаларды бақылау



Мақсаты:

қыстап қалатын құстар өмірімен танысуды жалғастыру.
қарғалардың тіршілігін бақылау
құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу

Бақылау барысы

Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады.

Қара түсті қарқылдақ,
Ұшып, қонып жалпылдап.

Қоқыстарды шоқиды,
Жем іздейді там-тұмдап. (қарға)

Қарға қыстап қалатын құс. Ол өзінің азығын қоқыстардан теріп жейді. Халық қарғаның іс-әрекетіне қарап ауа-райын болжаған. Егер қарға айналып ұшса аяз болады, қарға қарқылдаса қар жауады, егер қарға таңертең ағаштың басында отырса бұрқасын болады деп санаған және ол рас болған.

Көркем сөз «Қарға» С.Сейфуллин

Қарға, қарға, қарғалар, Көзден жасы сорғалар.

Қар үстінде жорғалар. Қар үстінде жем көрсе,
Боран соқса қор болар, Қапелімде қолға алар.
Бұтаға келіп қорғалар. Екі шоқып, бір қарар,
Қысып кетсе сары аяз, Деп «жолымды»
оңғарар.

Зерттеу жұмысы

Балабақша ауласынан құстар ізін іздеу, салыстыру

Еңбек

Ауладан құстар үшін алаң аршып, оған дән себу.
Мақсаты: бірлесе еңбек етуге баулу.

Қимылды ойын

«Пингвиндер доп ойнап жүр».

Мақсаты: екі аяқпен секіруді күрделілендіру, екі аяқ арасына допты қыстырып алға жылжу.

Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту.

Мақсаты: нысанаға доп лақтыра білу дағдыларын дамыту.

№18 Қар ұшқындарын бақылау

Мақсаты:

- Қар ұшқындарының әртүрлі формада болатынына назар аудару;
- Салыстыра білуге үйрету, танымдық белсенділіктерін дамыту..

Бақылау барысы

Көркем сөз «Суретші қыс» К. Нүсіпов

Қонақтайды бақтарға,
Ақ көбелек, ақ мамық.

Аунап таза ақ қарға,
Балалар жүр мақтанып.
Тазарып бар кір, шаңнан,
Қыс өнерін бастады.

Терезеге қыраудан,
Сурет сала бастады.

Балаларға сұрақтар:

- ◆ Жауған қар қандай?
- ◆ Ұшқан қарды алақандарыңа қондырыңдар, қар ұшқындары қандай?
- ◆ Жақсылап қараңдаршы, қардың әр ұшқыны әртүрлі өрнекте екенін көреміз. Байқадыңдар ма?.

Д/О: «Ұқсас өрнекті тап».

Алақанға қар ұшқындарын қондырып, олардың бір-біріне ұқсастарын табу

Зерттеу жұмысы Алақандағы қар неге ериді?
Қардың қай жерде, алақанда ма, әлде қолқап сыртында ма тез еритінін бақылау. Неге? Қар ерігенде не пайда болады?

Еңбек: Қардан қамал тұрғызу

Мақсаты:

- Бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу;
- Бастаған істі аяқтауға үйрету.

Қимылды ойын

«Екі аяз»

Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша әрекет ете білу және назар аудару білу дағдыларын дамыту.

Жаттығу ойындары «Байқап өт».

Мақсаты: заттар арасынан, оларды құлатпай ирелеңдеп жүруге үйрету.



№19 Қар тазалайтын машина жұмысын бақылау

Мақсаты:

- Ауыр жұмыстарды орындауға арналған машиналар ролі, олардың құрлысының ерекшеліктері туралы түсініктерін молайту,
- Техникаға деген қызығушылықтарын арттыру, үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.

Бақылау барысы

Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады

Бұл неткен күшті тазалаушы еді,

Үйілген қарды, Әп- сәтте жинап алды?

(қар жинайтын машина)

Қар жинайтын машинаның алдына үлкен қырғыш бекітілген. Алдыңғы және артқы дөңгелектерінің ортасында түкті дөңгелек щетка айналып тұрады.

◆ Олар неден жасалған? (темір сымдардан)

◆ Олардың қылшықтары қандай? (қатты, тікенекті)

◆ Ал, мына екінші машинаға назар аударыңдар, оның несі бар? (үлкен екі бұрандасы бар)

◆ Бұл бұрандалар не істейді? (еттартқыш сияқты қарды іліп алады да, қарды алысқа лақтыратын желдеткіш астына апарады, ол қарды

алысқа лақтырады)

- ◆ Бұл машиналар несімен ұқсас? (екеуі де көшені қардан тазалайды)
- ◆ қар тазалағыш машиналар көліктің қай түріне жатады? (арнайы көлік түрлеріне)

Зерттеу жұмысы

Қар тазалайтын машина мен «Жедел жәрдем» машинасын салыстыру

Еңбек Алаңды қардан тазалау, қардан көше қиылысын құрастыру

Мақсаты:

— Бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға үйрету;

— Еңбек дағдыларына тәрбиелеу.

Қимылды ойын «Аңшылар мен аңдар»

Мақсаты:

— Қозғалыс дағдыларын бекіту;

— Батылдықтары мен ептіліктерін дамыту.

Жаттығу ойындары

«Көпірден өт».

Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру

Халық болжамы: Мұржадан түтін аспанға тік көтерілсе, аяз болады

№20 Қарды бақылау

Мақсаты: Қыс аяғында қарда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру

Бақылау барысы

Көркем сөз «Қыс» Қ. Жұмағалиев

Қысым-ақ, қысым-ақ,

Жібердің қысып-ақ.

Қалмаспыз біз деген,

Боранға ұшырап.

Аппақ қар жауа бер,

Риза ғой саған ел.

Боратты-ау бораным,

Қайратын қарай көр.

Біз батыл баламыз,

Жылы үй, қорамыз.

Ақ ұлпа қарыңнан,

Аққала соғамыз.

Халықта мынадай болжам бар: қарға қарқылдаса, қар жауады. Қыс мезгілі басталған уақыттан бастап, қалың қар түседі. Кейде жел соғып боран болады. Күндер жылжыған сайын қардың қабаты қалыңдай түседі. Кей уақытта оңтүстіктен жылы жел соғады. Бұндай жылы желден қар сәл босап ериді де, жылылықтан кейінгі аяздың әсерінен қар мұзқатқақа айналады. Бұл кезде жан-жануарларға қатты қар үстімен жүру, өз қоректерін табу қиынға

соғады. Бұлан, бұғы, тауешкілері өздерінің өткір тұяқтарымен қарды теуіп ояды, оның астынан мүктер мен жапырақтарды қиындықпен алып жейді. Кей кезде тұяқтарын мұзқатқақ қар қиып жаралайды.

Тәрбиеші сұрақтары.

қыс айларын атаңдар?

қар бетінде пайда болған жұқа қабықша қалай аталады?

қарқатқақ қалай пайда болады?

Зерттеу жұмысы

Балабақша ауласындағы ашық алаңдағы және қоршау жиегіндегі қар қалыңдығын өлшеу. Қай жерде қар қалың, қай жерде жұқа. Неге?

Еңбек Сырғанаққа су себу

Мақсаты: суық суды ақырын алып жүруге, сырғанақ бетіне тегіс себуге үйрету.

Қимылды ойын «Екі аяз».

Мақсаты: кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру.

Жаттығу ойындары «Кім алысқа секіреді?».

Мақсаты: белгіленген жерге дейін екі аяқпен секіру.

Халық болжамы: Қар көп болса, нан мол болады.

№21 Қардың қалыңдығын бақылау

Жұмбақ.

Көктен түсіп көбейді,
Ұқсайды өзі шекерге,
Бірақ ешкім жемейді,
Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар).

Бақылау.

Балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және әр жердегі қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.

Қимылды ойын.

«Ақшақарды ізде».

Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін,

қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.

Еңбек.

Гүлзардың орнын жинастыруды ұйымдастыру.

Қар тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерін қалыптастыру.

Өз бетімен ойындар.

Өз құрдастарымен, 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда, бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету.

№22 Бұлтты бақылау

Мақсаты:

— Аспан және оның біздің планетамызға әсері жайлы түсініктерін кеңейту;

— Аспан әлемінің әсемдігін қабылдауларын дамыту

Бақылау барысы

Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:

1. Етек жеңі жиналмай,
Дауыл тұрса дым қалмай,
Түйдектеліп көшеді,
Тоз-тоз болып өшеді.

2. Көшіп жүріп желменен,
Сеуіп шықты тамшысын,
Қыраттарға шөлдеген.

Күн сайын күн өзендер мен көлдерді, теңіздер мен мұхиттарды қыздырады. Судың ұсақ түйіршіктері аспанға көтеріліп бірігеді де, аспанда бұлт пайда болады. Бұлтағы су түйіршіктері ауыр тартқан кезде, олар жерге жаңбыр болып төгіледі. Бұлттар — шарбы бұлттар және түйдек бұлттар деп аталады. Шарбы бұлттар ашық күндері пайда

болады, ал, түйдек бұлттар жауын немесе қар жауарда пайда болады.

Балаларға сұрақтар.

- ◆ Бұлттар қандай болады?
- ◆ Олар қайдан пайда болады?
- ◆ Бұлттар нелерге ұқсайды?

Зерттеу жұмысы Аспаннан атқа немесе түеге ұқсас бұлтты табу. Шарбы бұлттар мен түйдек бұлттарды салыстыру.

Еңбек

Жолдар мен сырғанақтарды қардан тазалау..
Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге үйрету, жұмыс нәтижесіне қуана білу.

Қимылды ойын: «Қар үстіндегі хоккей».

Мақсаты: шайбаны қақпаға домалатуға үйрету.
Жаттығу ойындары Қимылдарын дамыту.

Мақсаты:

- Сырғанауға үйрету;
- Сырғанау кезінде отыруға үйрету.

№23 Теректі бақылау

Мақсаты:

Балалардың ағаштар туралы білімдерін молайту; -Ағаштарға қамқор болуға тәрбиелеу.

Бақылау барысы

Тәрбиеші әңгімелейді:Адам таза ауамен тыныс алады. Адам демінен шыққан ауа-қайта жұтуға жарамсыз. Біз үнемі таза ауа жұтып жарамсыз етіп отырғандықтан, таза ауа бір жақтан келіп тұрмаса, жер бетінде ауа қалмас еді.

Ал, таза ауа қайдан келеді деп ойлайсыңдар? Таза ауа ешқайдан келмейді. Айналамыздағы ағаштар біздің демімізден шыққан ауаны жұтып, өзі үшін қажетті иісті ұстап қалып, онымен қоректенеді де, ауаны тазартады. Үйлердің айналасында, көшеде, аулада өсіп, жапырақ жайып тұрған ағаш неғұрлым көп болса, ауа да соғұрлым таза болады.

Таза ауамен тыныс алған адамның дені сау, өмірі ұзақ болады.сол себептен бабаларымыз «Өмір жасыңды ұзартқың келсе ағаш ек» деген.

Ауыл маңы терек,

Терек егу керек.

Әсем биік теректер,

Балаларды өбектер.

◆ Теректер қайда көбірек өседі? (қалада.)

◆ Қалада тағы басқа қандай ағаштар өседі

◆ Ағаштар қалада не үшін керек? (ағаш жапырақтары көмір қышқыл газын өз бойына сіңіріп, таза ауа өңдеп шығарады)

◆ Теректің соңғы жапырақтары қашан ұшып түседі? (күз соңында.)

◆ Неге ағаш жапырақтары күзде түседі?(себебі қыста ағаштар ылғалды көп жоғалтпас үшін)

Зерттеу жұмысы

Ауладағы ағаштарды қарау. Қай ағаш қалай тұр. (кейбір ағаштар бұтағы сирек, тікесінен сыйдып тұр. Кей ағаштар бұтақтары қармен төмен иіліп тұр т.б.)

Еңбек: Кіші топ балаларына қар жинауға көмектесу.

Мақсаты: кішкентайларға көмек көрсетуге деген ынталарын арттыру, адамгершілікке тәрбиелеу.

Қимылды ойын: «Бәйге»

Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша жүкіруге үйрету
Жаттығу ойындары Бір аяқпен секіру

Мақсаты: жоғары секіруге және жерге дұрыс түсуге жаттықтыру.

Мақал-мәтел: Бір тал кессең, он тал ек.

Тыйым сөздер: Өсіп тұрған ағашты кесуге немесе балталауға болмайды. От жағуға қураған ағашты пайдалану керек.

№24 Ауа райын бақылау

Жаңылтпаш.

Қыс қыспаса, қыс па,
Құс ұшпаса, құс па?

Өлең.

«Қыс» О. Иманәлиев.

Көкті бұлт тұмшалап,
Жер ақ тонын киеді.
Шұнақ аяз шымшылап,
Ақ бетіңнен сүйеді.

Бақылау: балаларға жансыз
табиғаттағы

қыс мезгіліндегі өзгеріс туралы түсінік
беру.

Қимылды ойын: «Кегліні құлат».

Кегліні құлата отырып, клюшканың
көмегімен нысанаға шайбаны лақтыра
білуді бекіту. Белсенділікке тәрбиелеу.

Еңбек.

Демалыс орнын қардан тазарту.
Өзінің іс-әрекетін жолдастарының іс-
әрекетімен келістіру, ұжымда

тапсырманы

өз бетінше орындауға үйрету. Еңбекті
ынтамен істеуге тәрбиелеу.

Өз бетімен ойындар.

Әр балаға өзін қызықтыратын іспен
айналысуға мүмкіндік беру.



№25 Қырауды бақылау

Мақсаты: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік.

Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарына, басқа заттарға қатып, қырауға айналған. Қырау күннің ашық кезінде пайда болады.

Көркем сөз.

Тазартып бар кір шаңнан,
Қыс өнерін бастады.
Терезеге қыраудан,
Сурет салып тастады.

Қимылды ойын.

«Ақ қоян».

Мақсаты: қимылды жаттығуларды

жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.

Еңбек: бір-біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету.

Жеке жұмыс: тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы).

Жорамал.

Ағашқа қырау түссе, аяз болады.

Тұман болса, күн жылынады.

Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды.

Жұмбақ.

Қанат сияқты ақ,
Ұлпа боп жерде жатады.

